

Mobi music қызметі аясында «Орындаушы Моттың концертіне билеттерді ұтысқа салу» науқанын өткізу ережелері

1. Жалпы ережелер

1.1. «Орындаушы Моттың концертіне билеттерді ұтысқа салу» науқанын өткізу ережелері науқанға қатысу талаптарын және оны өткізу тәртібін, сондай-ақ жүлделер тізімін, оларды жеңімпаз қатысушыларға беру тәртібі мен талаптарын айқындайды.

1.3. Науқан талаптары:

1.3.1. Науқанды өткізу кезеңі: 2018 жылғы 30 наурыздан бастап 13 сәуірге дейін қоса алғанда.

1.3.2. Науқанды өткізу аумағы – Қазақстан Республикасы («Кселл» АҚ ұялы байланыс желісі).

1.3.3. Науқан қатысушылары – жастары 18-ге толған, Қазақстан Республикасының азаматтары немесе Қазақстан Республикасында тұруға ықтияр хаттары бар шетелдік азаматтар болып табылатын Activ және Kcell абоненттері.

Науқанға қатысуға:

- ұйымдастырушының жұмыскерлері/қызметкерлері болып табылатын абоненттер;
- компанияның жұмыскерлері/қызметкерлері болып табылатын абоненттер жіберілмейді.

2. Науқанды өткізу тәртібі

2.1. Бір мезгілде мына өлшемдердің барлығына сай келетін абонент науқанға қатысушы болып танылады:

2.1.1. Mobi music қолданбасын орнатқан mobi music сервисінің пайдаланушысы. Қолданбаны орнатуға арналған сілтеме: http://activ.mobi/music_Mot

2.1.2. http://activ.mobi/music_survey сілтемесі бойынша арнайы сауалнамадан өткен mobi music сервисінің пайдаланушысы. Сауалнаманы жүргізу мақсаты: mobi music қолданбасын пайдалану туралы кері байланысты және mobi music сервисін ары қарай дамыту үшін талап-тілектерді жинау.

2.2. Науқан аяқталғаннан кейін науқанға қатысу талаптарына сай келетін қатысушылар арасында жүлделер ұтысқа салынады.

2.3. Осы ережелерде көрсетілген әрекеттерді орындаған науқан қатысушылары осы арқылы өздерінің науқан ережелерімен және науқанға қатысу талаптарымен толық танысқандықтарын және келісетіндіктерін растайды.

3. Науқанға қатысудан бас тарту

3.1. Абонент осы ережелердің 2-бөлімінде көрсетілген науқанға қатысу талаптарының бірін орындамай, науқанға қатысудан бас тартуға құқылы.

4. Жүлде қоры

4.1. Науқанның жүлде қоры – орындаушы Моттың концертіне 6 билет, концерттердің өтуі:

4.1.1. 2018 жылғы 16 сәуірде Қарағанды қаласында; басталуы – сағ. 20:00; орны – Бокс орталығы

4.1.2. 2018 жылғы 17 сәуірде Астана қаласында; басталуы – сағ. 20:00, орны – Конгресс-орталық

4.1.3. 2018 жылғы 18 сәуірде Алматы қаласында, басталуы – сағ. 20.00, орны – Алматы Мұз аренас

4.2. Жүлде қоры науқанды өткізу басталғанға дейін компания есебінен қалыптастырылады.

4.3. Жүлде жеңімпаздың тұрғылықты жеріне жеткізілмейді. Көлік шығындары мен кез келген басқа

шығындар өтелмейді және ақысы төленбейді. Жүлдені концерт өтетін қалалардың бірінде, ұйымдастырушының офистерінде алуға болады.

4.4. Бір жеңімпаз өз таңдауы бойынша концерт өтетін қалалардың бірінде концерттің 2 билетін алады.

5. Жеңімпаздарды анықтау

5.1. Жеңімпаздар 2018 жылғы 14 сәуірде random.org бағдарламасының көмегімен науқан қатысушыларының арасынан кездейсоқ таңдау әдісімен анықталады.

5.2. Науқан жеңімпаздарына науқанға қатысу жүргізілген абоненттік нөмір бойынша ұйымдастырушы өкілдері хабарласады. Жеңімпаздарды хабардар ету 2018 жылғы 15 сәуірге дейін (қоса алғанда) жүзеге асырылады.

5.3. Ұйымдастырушы жеңімпаздан науқан жүлдесін алу үшін қажетті мәліметтерді алмаған жағдайда, жүлдені жарияланған жеңімпаз қажет етпеген болып саналады және ұйымдастырушы оны беруден бас тартуға құқылы болады. Бұл ретте жүлдені қайта сұрату мүмкін болмайды.

5.4. Жеңімпаз жүлдені алмаған немесе кез келген себептер бойынша жүлдені алудан бас тартқан жағдайда, ұйымдастырушы алынбай қалған жүлдеге өз қалауынша иелік ету, соның ішінде жаңа Жеңімпазды анықтау құқығын өзіне қалдырады.

5.5. Жеңімпаз осы ережелерде көзделген талаптарды орындамаған, байланыс қызметтерін көрсету туралы жария шарттың, қолданыстағы заңнаманың талаптарын бұзған жағдайда, ұйымдастырушы жеңімпазға жүлдені беруден бас тартуға құқылы.

6. Қорытынды ережелер

6.1. Науқан туралы бүкіл ақпаратты mobimusic.kz, activ.kz және kcell.kz сайтынан білуге болады.

6.2. Ұйымдастырушы mobimusic.kz, activ.kz және kcell.kz сайтына тиісті ақпаратты орналастыра отырып, осы науқан талаптарын өзгерту құқығын өзіне қалдырады.

6.3. Науқан ұйымдастырушысы:

6.3.1. Науқан атысушыларының өздерінің кінәсынан немесе ұйымдастырушыға байланысты емес басқа себептер бойынша науқан жүлделерін алу үшін қажетті мәліметтерді/құжаттардың алынбауы/уақтылы алынбауы;

6.3.2. Науқан қатысушыларының осы ережелерде көзделген міндеттерін орындамауы/уақтылы орындамауы;

6.3.3. Жеңімпаздың кез келген себеппен жүлдені алмауы.

6.3.4. Концерттің болмай қалуы/кешіктірілуі/басқа уақытқа ауыстырылуы үшін жауапкершілік көтермейді.

6.4. Науқанға қатыса отырып, әрбір қатысушы өз аты-жөн(дер)інің, науқанды өткізу барысында олардың қатысуымен жасалған фото- және бейнематериалдардың ұйымдастырушының өз қалауы бойынша кез келген тәсілмен қоғамдастыққа қолжетімді болатындығына және ұйымдастырушының осы тұлғаларға қандай да бір өтемақы төлеместен және ары қарай хабардар етпестен аудио-, фото- және бейнематериалдарда пайдалана алатындығына келісетіндігін растайды. Сондай-ақ әрбір қатысушы науқанға қатысу туралы жарнамалық сұхбаттарға, соның ішінде радио және телевидение, басқа да бұқаралық ақпарат құралдары үшін қатысуға, сондай-ақ ұйымдастырушының және/немесе ұйымдастырушының тапсырмасы бойынша үшінші тұлғалардың қатысушыларды фото- және бейнетүсірілімге түсіруіне өз келісімін растайды. Бұдан басқа, қатысушы ұйымдастырушының Науқанды өткізу мақсатында қатысушының дербес деректерін пайдалануына (жинауына және

өңдеуіне), соның ішінде науқанды өткізу үшін тартылған үшінші тұлғаларға беруіне өз келісімін растайды.

6.5. Осы науқан аясындағы жүлделерді ақшалай баламасына айырбастау көзделмеген.

7. ҚОСЫМША ТАЛАПТАР:

7.1. Ұйымдастырушы осы ережелерді, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмесе, өзі қажет деп санағандай өзгерту және осы Науқанға қатысты қосымша ақпарат жариялау құқығын сақтап алады.

7.2. Ұйымдастырушы мобильді телефондарға меншік құқығы, оларды иелену немесе пайдалану жөніндегі қандай да бір даулармен байланысты ешқандай жауапкершілік көтермейді.

ұйымдастырушыға және/немесе ұйымдастырушының аймақтық бөлімшесіне мобильді телефонды ұсынған тұлға абоненттік нөмірдің тіркелген иесі/абоненті болып табылатын болса немесе өз құқықтарының тиісті растауын ұсынса, осындай тұлға оның нақты иесі болып саналады.

7.3. Ұйымдастырушы осы ережелерге сәйкес жүлдені алу құқығын растайтын талаптарға қатысты қандай да бір хат алысуға немесе қандай да бір түсініктемелер беруге міндетті емес.

7.4. Ұйымдастырушы ұйымдастырушының ұялы желілерінде, жабдығында орын алуы мүмкін өнеркәсіптік ақау, сондай-ақ техникалық және технологиялық қателіктер үшін жауапкершілік көтермейді.

7.5. Науқанды ұйымдастыру мен өткізуді mobi music қызметін пайдаланушыларды көбейту, сондай-ақ ұйымдастырушы абоненттерін қосымша қызметтерді пайдалануға ынталандыру мақсатында ұйымдастырушы жүзеге асырады.

7.6. Науқанның өткізілуімен байланысты барлық даулар келіссөздер жолымен шешілуі тиіс. Бейбіт жолмен келісімге келу мүмкін болмаған жағдайда, дау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының тиісті сотында қаралуы тиіс.

7.7. Науқанды өткізу барысында қатысушының үшінші тұлғалардың құқықтарын бұзуымен байланысты үшінші тұлғалар тарапынан ұйымдастырушыға қандай да бір кінәрат-талаптар болған жағдайда, қатысушы өзіне осындай дауларды өздігінен шешу жауапкершілігін алады.

7.8. Осы науқанды өткізу ережелерін ұйымдастырушы activ.kz сайтында жариялайды.

Науқанға қатысты барлық сұрақтар бойынша абоненттер ұйымдастырушының қоңырау шалу орталығына хабарласа алады: activ абоненттері үшін 3030 және Kcell абоненттері үшін 9090.

8. НАУҚАНҒА ҚАТЫСА ОТЫРЫП, СІЗ ОСЫ ЕРЕЖЕЛЕРМЕН ТОЛЫҚ КЕЛІСЕСІЗ.